

«Фотожурналистика»

пәні бойынша қорытынды емтихан.

ДОЖ Moodle / жоба. шығармашылық тапсырма

Емтихан форматы – асинхронды.

ТАПСЫРМА: «Еңбек адамының бір күні»

Тапсырма түрі: **Фоторепортаж** (шығармашылық жұмыс)

Мақсаты:

2025 жыл Қазақстанда **«Еңбек адамы жылы»** болып жарияланды. Осыған орай, еңбек адамының күнделікті өмірін, кәсіби қызметін, эмоциясын және еңбекке деген көзқарасын визуалды тілмен көрсету.

Тапсырма мазмұны:

1. Тақырып таңдауы:

Еңбек адамы ретінде төмендегі маман иелерінің бірін (немесе өзіңіз қалағанын) таңдаңыз:

- Құрылысшы
- Дәрігер
- Аспаз
- Механик
- Мұғалім
- Теміржолшы т.б.

2. Дайындық кезеңі:

- Кейіпкермен алдын ала келісу
- Қызмет орнына барып, ортаға бейімделу
- Ең маңызды сәттерді алдын ала болжау (мысалы: жұмыс басталар уақыты, үзіліс, ерекше жағдайлар)

3. Фототүсірілім:

- 10–15 кадр
- Хронологиялық тәртіппен (таңнан кешке дейінгі сәттер)
- Жұмыс орнының ерекшелігі, құрал-жабдықтар, кейіпкердің бет-әлпеті, қимыл-қозғалысы, эмоциясы толық қамтылуы керек

- Жалпы, орта және жақын пландар үйлесімді болуы тиіс

4. Мәтіндік сүйемелдеу:

- Әр фотоға қысқаша сипаттама (2–3 сөйлем)

- Репортажға кіріспе мәтін (5–6 сөйлем): кейіпкер туралы қысқаша ақпарат, мамандығы, жұмыс ерекшелігі.

Фоторепортаждың орындалуын бағалау критерийлері:

- "өте жақсы" - тапсырма толығымен орындалды, тақырып ашылды, ақпарат жеткілікті. Сюжет, Композиция, экспозиция қалыпты.
- "жақсы" - тапсырма орындалды, бірақ тақырып толық ашылмаған, ақпарат жеткіліксіз. Сюжет, Композиция, экспозиция қалыпты
- "қанағаттанарлық" - тапсырма 2/3-тен астам орындалды, бірақ белгіленген талаптар шеңберінде. Ақпарат аз, Сюжет, Композиция, экспозиция әлсіз.
- "қанағаттанарлықсыз" - тапсырма орындалмады немесе үштен бірінен аз орындалды. Сюжет, композиция, экспозиция жоқ.

Әдебиеттер:

1. Вартанова Е.Л. Военная журналистика: теория и практика. — М.: Изд-во МГУ, 2010. — 240 с.
2. Шевченко А.И. Журналистика в условиях вооруженных конфликтов.— СПб.: Питер, 2015. — 198 с.
3. Әлиев Б. Қазіргі журналистика: теория және практика.— Алматы: Қазақ университеті, 2019.— 216 б.
4. Мартыненко Е. В. «Журналистика и медиа эпохи глобальных перемен»: сб. науч. ст. : в 2 томах / Российский университет дружбы народов, Кафедра теории и истории журналистики; - Москва : РУДН. - 2023- 466
5. Әбдірайымұлы А. «Фотожурналистика» оқу-әдістемелік құралы. Алматы.- Қазақ университеті баспасы, 2016.-112
6. ҚР Қорғаныс министрлігінің ресми сайты. — Режим доступа: www.mod.gov.kz (дата обращения: 15.08.2025).
7. Сарбаз газеті. — ҚР Қорғаныс министрлігі басылымы. — Режим доступа: www.sarbaz.kz (дата обращения: 15.08.2025).

Академиялық ережелері

Құрметті студенттер!

Жазбаша емтихан: жоба, шығармашылық тапсырма "Еңбек адамының бір күні" фоторепортажы Moodle ҚББЖ-да өткізіледі. Емтихан форматы – асинхронды.

Емтихан тапсыру техникасымен Сіз ҚазҰУ сайтында жарияланған білім алушыларға арналған нұсқаулықтан таныса аласыз. әл-Фараби, "қашықтықтан білім беру" бөлімінде - "сессия бойынша нұсқаулық». Сілтеме бойынша танысып, өтіңіз
<https://www.kaznu.kz/ru/21639/page/>

Студенттер

1. Оқытушы белгілеген уақытта MOODLE ҚОЖ-да авторизацияланады және "Пән бойынша қорытынды емтихан" тапсырмасына қол жеткізеді.

2. Оқытушының тапсырмасын оқиды.

3. Топтық тапсырма жағдайында топтар "Пән бойынша қорытынды емтихан" құжатында көрсетілген тізімдерге сәйкес қалыптастырылады.

4. Оқытушының тапсырмасын орындайды.

5. Қол жеткізілген нәтижелер негізінде жасалған жұмыс туралы қорытынды есеп жасалады.

6. Емтихан кестесіне сәйкес (емтиханның басталуы – кесте бойынша емтиханның аяқталу уақыты – кесте бойынша емтихан уақыты + оқытушының жауабын жүктеуге белгілеген уақыты, оқытушының қалауы бойынша шамамен 2-3 сағат) студенттер Moodle ҚОЖ-ға тапсырманың нәтижесін жүктейді, ол үшін:

6.1 студенттер MOODLE ҚОЖ-да (есептік жазба арқылы) авторизацияланады,

6.2 «Пән бойынша қорытынды емтихан» элементін ашады,

6.3 «Тапсырмаға жауап қосу» пунктін таңдайды

6.4 файлдарды жүктеу өрісіне өз жұмысын жүктейді,

6.5 «Сақтау» түймесін басады.

МАҢЫЗДЫ. Студенттерге Moodle ҚОЖ-ға дайын жұмыстарды жүктеу мерзімдерін ауыстыруға жол берілмейтінін ескертіңіз!

Өткізілген емтихандар нәтижесінде оқытушы студенттерден:

ӘР СТУДЕНТТЕН аяқталған жоба немесе шығармашылық жұмысты, есеп түрінде және есепке қосымша файл-қосымшалар түрінде *.doc (*.docx) (қажет болған жағдайда тапсырмаға байланысты) студенттерден алады.

Студенттік есеп мазмұнының мысалы:

1. Кіріспе бөлім • нақты жүктелетін құжат авторының аты-жөні көрсетілген топ тізімі; • тапсырманың қысқаша сипаттамасы - дәл қойылған міндет, оқытушының бүкіл құжатын көшірудің қажеті жоқ..

2. Негізгі бөлім: • жобаның қол жеткізілген нәтижелерінің сипаттамасы (тапсырмаға байланысты баяндама, бейнелер, бейнежазбаларға сілтемелер, диаграммалар, графиктер және т.б. түрінде қойылған міндетті тікелей шешу); • жобалық тапсырманың орындалу барысының сипаттамасы; 19 • жобаны орындау барысында туындаған ауытқулар мен қиындықтарды, сондай-ақ оларды жеңудің пайдаланылған жолдарын сипаттау.

3. Қорытынды. Атқарылған жұмыс бойынша қорытындылар.

5. Әдебиет.

• пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

• жобада пайдаланылған қойылған міндеттерді шешу тәсілдері мен технологияларының сипаттамасы (бағдарламалар, құралдар, түйінді нормативтік құжаттарға сілтемелер, әдістемелер).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. ӘР студент өз есебінде кіріспе және негізгі бөліктерді, қорытындыларды, әдебиеттерді жазуы керек .

Сіз емтиханды жоспарланған уақытта ғана тапсыра аласыз. Егер сіз техникалық себептермен емтиханды уақытында тапсыра алмасаңыз, онда сізге оқу ісі жөніндегі проректорға жазылған өтініш бойынша, басқа күні тапсыруға мүмкіндік беріледі. Өтінішті куратор-эдвайзерге немесе пән оқытушысына академиялық мәселелер жөніндегі бөлімге жіберу үшін жіберіңіз.

Жұмыстың түпнұсқадан жазғанын тексеру. Сіздің жауабыңыз плагиатқа тексеріледі. Жұмыстың түпнұсқалығының минималды рұқсат етілген деңгейі 60%. Жұмысты талдау

кезінде мұғалім алынған сілтемелер мен дәйексөздер оқушының өз жұмысына сілтемелер немесе нормативтік құқықтық актілерден үзінді болып шыққан жағдайда ескереді.

Бағалау саясаты:

Әріптік бағалау жүйесі	Балдың сандық эквиваленті	%-мазмұны	% Жұмыстың түпнұсқасы	Дәстүрлі бағалау жүйесі
A	4,0	95-100	85 тен Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	85 тен Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін	
B+	3,33	85-89	80 нен 85 Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін	Жақсы
B	3,0	80-84	80 нен 85 Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін	
B-	2,67	75-79	80 нен 85 Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін.	
C+	2,33	70-74	75 тен 80 Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін	Қанағаттанарлық

C	2,0	65-69	75 тен 80 Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін	
C-	1,67	60-64	75 тен 80 Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін	
D+	1,33	55-59	75 тен 80 Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін	
D-	1,0	50-54	75 тен 80 Түпнұсқалық талабы бойынша ұқсастық байқалу кезінде % қысқартылуы мүмкін	
F	0	0-49		Қанағаттанарлықсыз

МАҢЫЗДЫ. Аттестациялаудан кейін біраз уақыт өткен соң, сіздің ұпайыңыз бейнежазбаны қарау және плагиатқа қарсы есепті тексеру кезінде емтихан ережелерін бұзу нәтижесінде жойылуы мүмкін.

Академиялық құндылық:

Академиялық адалдық және тұтастық: барлық тапсырмаларды өз бетінше орындау; плагиатқа, жалғандыққа, шпаргалкаларды, гаджеттерді пайдалануға, білімді бақылаудың барлық кезеңдерінде алдауға, оқытушыны алдауға және оған құрметсіздікпен қарауға жол бермеу (ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі).

ЕМТИХАНҒА СӘТТІЛІК!